

"Астана медицина университеті" КеАҚ
Аппараттық кеңесінің 2024 жылғы 13 наурыздағы
№2 хаттамасынан 2 (екінші) сұрақ бойынша үзінді-көшірме

"Астана медицина университеті" КеАҚ Аппараттық кеңесін өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 49а, акт залы.

Аппараттық кеңеске Басқарманың келесі мүшелері қатысты:

В.В. Койков - Аппараттық кеңестің төрағасы;

А.Б. Жунусова - Проректор, Басқарма мүшесі;

Д.Д. Сайданғазин - Проректор, Басқарма мүшесі.

Басқарманың кеңеске қатыспаған мүшелері туралы мәліметтер:

М.А. Газалиева - Проректор, Басқарма мүшесі;

Б.И. Мараджапов - Қаржы директоры, Басқарма мүшесі;

Н.Н. Маханбаева – Атқарушы директор, Басқарма мүшесі.

Аппараттық кеңестің хатшысы - А.Е. Бакенов

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) жүргізу туралы. "Астана медицина университеті" КеАҚ-та СЖТІТ өткізу тәртібін, шарттары мен мерзімдерін түсіндіру.

Баяндамашы – Комплаенс-офицер Оралбаев Арман Ниетжанұлы.

Аппараттық кеңестің күн тәртібінің екінші мәселесі қарастырылып, **ШЕШІМ** шығарылды:

2.1. Проректорлар, Қаржы директоры, Атқарушы директор, Басқарушы директор, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, мектеп декандары – Комплаенс-офицер А.Н.Оралбаев ұсынған ақпаратты назарға алсын және осы хаттаманың №2 қосымшасына сәйкес Университеттің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды тексеруге жан-жақты дайындалуын жүзеге асырсын.

2.2. Комплаенс-офицер А.Н. Оралбаев 20.03.2024 ж. дейінгі мерзімде - жұмыс тобының құрамын бекітсін және СЖТІТ бойынша бұйрықты әзірлесін.

Аппараттық кеңестің хатшысы



А. Бакенов